

## **ОЖСӨЖ № 5.**

**Тақырып:** Дәстүр жалғастығы

**Сабақтың мақсаты:** Жыраулармен қоса XVIII ғасырдағы ақындар поэзиясы туралы

**Негізгі сұрақтары:**

1. ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы жыраулар мен ақындар қолданған бірқатар көркемдік әдістердің кейінгі ақындарда кездесуі
2. Ақындар туралы зерттеушілер пікірлері.

**Тапсырма:** «Толғауларының идеялық мазмұны, көркемдік ерекшеліктері» тақырыбында тұжырымды пікір білдіріп, баяндама жазыңыз.

**Тапсырманы орындауға арналған әдістемелік нұсқау:**

**Баяндама** белгілі бір тақырып бойынша көпшілік алдында, яғни тыңдаушылар алдында жасалынған толық жазылған ауызша хабарлама болып табылады.

Семинар сабақтарында жасалған баяндамалар дәріс материалдарын толықтыра түсуге және студенттердің оқу және ғылыми материалдармен жұмыс істеу қабілеттерін бағалауға мүмкіндік береді.

**Баяндама дайындаудың кезеңдері:**

1. Берілген тақырыпқа қатысты маңызды ғылыми еңбектерді оқу, оның тізімін оқытушы береді.

2. Оқыған материалға талдау жасау, тақырыпты барынша айқындайтын зерттеушілердің әр түрлі көзқарастарын, фактілерді және ғылыми жағдайларды бөліп көрсету.

3. Баяндама материалдарын логикалық жағынан дұрыс құру және талдап қорыту, мысалы, кеңінен ашып көрсетілген жоспар ретінде.

4. Баяндама мәтінін ғылыми еңбекке қойылатын талаптарды сақтай отырып жазу.

Баяндаманың құрылымы басқа ғылыми еңбектердегі сияқты үш бөлімнен тұрады:

- кіріспе;
- негізгі бөлім;
- қорытынды.

**Кіріспеді** - баяндаманың тақырыбы көрсетіледі, оның басқа мәселелермен байланысы, орны және тақырыпты ашып көрсетуде қолданылатын дерек көздеріне қысқаша шолу жасалады.

**Қорытындыда** - әдетте қарастырылған мәселе бойынша жалпы қорытынды және негізгі тұжырымдамалар жасалады.

**Негізгі бөлім** - логикалық жүйемен құрылған болуы тиіс. Бұл бөлімде тақырып бойынша келтірілетін материалдар дәйекті де дәлеледі болу керек. Осылайша, баяндамамен жұмыс студентте тек қана жаңа білімді қалыптастырмайды, сондай-ақ, маңызды ғылыми-зерттеу шеберлігін, ғылыми таным әдістерін, көпшілік алдында сөйлеу дағдысын игеруге мүмкіндік береді.

**Баяндама түйіні** – баяндама бойынша негізгі жағдайлар қысқаша түрде берілетін көлемі шағын мәтін. Алайда, түйін мәтіні көлемі шағын

болғанымен, оны жазу баяндаманы жазудан қиынырақ келеді. Өйткені түйінде баяндаманың негізгі мазмұны сақтала отырып, соған сәйкес тұжырымдар жасалуы керек.

Баяндама тезисі- баяндама мазмұнында айтылатын мәселелердің қысқа, логикалық нұсқасы.

Баяндама – негізінен ғылыми конференцияларда, ғылыми зерттеу жұмысының бағыты, барысы, нәтижесі т.с.с., жөніндегі хабарлама. Оның баяндалу ұзақтығы 10-20 минут. Көбінесе, аралығы 2 интервалмен басылған бір беттегі материалды оқып шығуға 2 минут көлемінде уақыт кететіндіктен, оның көлемі 5-10 беттен аспағаны жөн.

#### **Баяндама дайындауға қойылатын талаптар.**

Баяндама толық 4 бетке дейін (суретті қоса есептегенде) Word 6.0, 7.0 for Windows97-2000 редакторында, А4(210x297) форматты парақта дайындалып берілуі тиіс, қолданылатын шрифт – Times New Roman, Kz Times New Roman. Интервал – 1. парақтың барлық жағынан 25 мм алаң қалдырылуы тиіс. Материал төмендегі ретте орналасады: бірінші қатарда ЖОК көрсетіледі, 1 қатар тастап – баяндаманың тақырыбы (бас әріптермен), 1 келесі қатарда мекеменің және қаланың аталуы, бір қатардан соң резюме (тақырыпсыз курсивпен) қазақ (орыс тіліндегі баяндамалар үшін) немесе орыс (қазақ тіліндегі баяндамалар үшін) және ағылшын тілдерінде келтіріледі. Осыдан кейін бір қатар тастап, баяндаманың негізгі тексті басылады. Студенттен өзіндік интеллектуалдық еңбекті талап ететін баяндамаларды әзірлеу төмендегідей қадамдардан (этап) тұрады:

- таңдалған тақырып бойынша оқытушы тарапынан берілген әдебиеттермен танысып, оқып шығу;

- сол тақырып төңірегінде айтылған әр түрлі ғылыми пікірлерді жинап, салыстыру, зерттеу;

- тақырып төңірегіндегі ойын жинақтап, толық жоспар формасында логикалық құрылымын құрастыру;

- баяндама мәтінін жазуда ғылыми стиль талаптарын ескеру.

Кез келген ғылыми жұмыстардың құрылымы сияқты баяндама құрылымы да дәстүрлі үш бөлігінен тұрады: кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды бөлім.

Кіріспе бөлімде баяндама тақырыбы, басқа мәселелермен байланысы, бұл тақырыптың қарастырылуы, негізгі дереккөздер беріледі.

Негізгі бөлімі логикалық жағынан нақты құрылуы керек. Мәліметтер өзара байланысты, дәлелді әрі нақты болуы керек. Негізгі мәтінде айтылған ой қайталана бермеуі тиіс.

Қорытынды бөлімде тақырып төңірегінде тұжырымдар жасалып, негізгі мәселелер нақтыланады.

**Есеп беру түрі:** Схема қолдану арқылы жасалған баяндаманы тыңдау. Дәстүрлі бағалау әдістері.

**Тапсырманы орындау мерзімі және студент білімін бағалау:** 11 апта

Жоғарғы ұпай – 4